



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

5. <https://www.1c-rating.kz/sol/bgu#:~:text=Конфигурация%20«Госсектор%3А%20Бухгалтерия%20государственного%20учреждения,из%20республиканского%20или%20местного%20бюджетов>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ДАМУЫН ЖОЛҒА ҚОЮДАҒЫ БАСЫМДЫЛЫҚТАР

Сапарханов Н.Ж.

n.saparkhanov23@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші – Жахметова А.К.

Аннотация

Бұл мақалада, Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жұмысына тоқталып өттік. Еліміздің жоғарғы Есеп комитетінің келмшіл тұстары мен болашақта жеткізуі мүмкін пайдаларды атап өттік. Есеп комитетінің басқа мемлекеттердегі жоғарғы қаржы органдарымен айырмаларымен таныс болдық.

Кілт сөздер:

Аудит, мемлекеттік аудит, қаржылық бақылау, ISSAI, қаржылық есептілік аудиті, тиімділік аудиті, сәйкестік аудиті, камералдық бақылау.

Аннотация

В данной статье мы остановились на работе современных органов государственного аудита и финансового контроля в Республике Казахстан. Мы отметили перспективы Верховного Счетного комитета страны и возможные выгоды в будущем. Мы были знакомы с различиями Счетного комитета с высшими финансовыми органами в других государствах.

Ключевые слова:

Аудит, государственный аудит, финансовый контроль, ISSAI, аудит финансовой отчетности, аудит эффективности, аудит соответствия, камеральный контроль.

Annotation

In this article, we focused on the current work of state audit and financial control bodies in the Republic of Kazakhstan. We noted the advantages of the Supreme Accounting Committee of the country and the benefits that it can bring in the future. We got acquainted with the differences between the Accounts Committee and the highest financial authorities in other countries.

Keywords:

Audit, government audit, financial control, ISSAI, audit of financial statements, performance audit, compliance audit, office control.

Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастардың дамуы шаруашылық әдістерін және формаларын қайта өзгертудің объективті қажеттілігін тудырады. Әкімшіл-әміршіл жүйеде кеңінен тараған қоғамдық мүлікті талан-таражға салу, нарықтық экономиканың ажырамас атрибуты болып табылатын іскерлік және ұқыптылықпен орын алмастырды.

Еліміздің индустриясы дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес бизнестің жаңаша кешенді тәуелсіз кәсіби аудиті жүзеге асырылуда. Операциондық аудит пен қаржылық есептілік аудит және оның басқа да маңызды түрлері посткеңестік аумақтарда нарықтық экономиканың қалыптасуындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстармен және шындыққа жанасымды ақпараттармен мүдделілік танытатын пайдаланушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Әлемдік тәжірибе нарықтық экономиканың тиімділігін, оның ғылыми-техникалық жетістіктерді жедел енгізуге бейімділігін және адамның қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру бағытталғанын көрсетеді. Нарықтық қатынастарға тауар өндірушілердің экономикалық тәуелсіздігі, субъектілердің шаруашылық қызметіне әкімшілік араласуға жол бермеу, қоғамдық өнімді өндіру, айналымы және тұтыну саласындағы еркін экономикалық байланыстар тән. Қазақстан экономикасының табысты жұмыс істеуі үшін бағдарламалық-нысаналы әдістің, көп факторлы талдаудың, жүйелі бақылаудың және оңтайлы шешімдер қабылдаудың нақты тетіктері мен прогрессивтік құралдарын қолдану қажет. Мемлекеттік меншікті жекешелендіруді жеделдету, өндірістік тиімділігін арттыру, нақты ортаны дамыту, қаржылық бақылауды жақсарту және қазіргі заманғы нарықтық инфрақұрылымды құру сияқты факторлардың да маңызы зор.

Қазақстан экономикасының қазіргі даму жағдайында қаржы ресурстары мен мемлекеттік меншікті басқару мақсаттарының өзгеруі орын алуда. Негізгі міндет бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру, қоғамды сапалы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету, билік органдары мен мемлекеттік сектордың ашықтығына қол жеткізу болып табылады.

Болып жатқан өзгерістер шеңберінде мемлекеттік аудит институтын енгізу ерекше маңызға ие болады, оның миссиясы мемлекет пен қоғам атынан билік органдарының өздеріне сеніп тапсырылған ұлттық ресурстарды басқару жөніндегі қызметіне тәуелсіз объективті жария бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте бюджет ресурстарын қоғамның игілігі үшін ұтымды пайдалануға ықпал ететін қаржылық бақылау органдарына ертекше рөл беріледі. Сонымен қатар, бүгінгі таңда қолданыстағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі тек ескертуге емес, постфактум бюджет қаражатын пайдаланудың бұзылуын анықтауға бағытталған. Қазақстан Республикасының

2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» қабылданған заңы, ең озық әлемдік тәжірибе негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құруға бағытталған. Заң мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаумен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыруды айқындайды.

Ұлттық ресурстарды басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік аудит институты, оның маңызды бөлігін бюджет қаражаты саласы, мемлекеттік меншік, табиғи ресурстар және зияткерлік капитал құрайды, ең алдымен мемлекет пен қоғамға қызмет етуге арналған. Осы мақала мемлекеттік аудиттің мәні мен жұмыс істеу мәселелерін жан-жақты ашуға арналған.

Бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы проблемалары біздің еліміз үшін өзекті болып қала береді. Әлемдік дағдарыс жағдайында мемлекеттік кірістер мен шығыстардың бүкіл жүйесін қайта қарау, бюджеттің кіріс бөлігін кеңейту, салық саласының ашықтығын арттыру, шығыстарды оңтайландыру, бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуын болдырмау қажет. Бюджет алушылардың қаржылық тәртібін қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына ерекше рөл беріледі.

Қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін реформалау, озық халықаралық практикаға сәйкес мемлекеттік аудитке көшу оған мемлекеттің қаржы ресурстарын сапалы басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі жаһандық нұсқауларға көбірек сәйкес келуге мүмкіндік береді. Пәрменді қаржылық бақылау елдің одан әрі дамуының және халықтың әлауқатын жақсартудың қажетті шарты. Осы маңызды функцияны трансформациялау мемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруға нақты қадам болып табылады.

Мемлекеттік аудит саласындағы халықаралық ұйымдар арасында жетекші рөл 1953 жылы құрылған жоғары мемлекеттік аудит органдарының халықаралық ұйымы – ИНТОСАИ-ға тиесілі.

Стандарттарды әзірлеу кезінде мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттары сөзсіз ескерілетін болады. Алайда, осы стандарттардың ішкі қайшылықтары мен кемшіліктерін ескеру қажет. Атап айтқанда, келесі мәселер қайта қарап өтуге тұрарлықтай. Олар:

- ИНТОСАИ-ға мүше елдерде мемлекеттік сектор аудитінің әртүрлі түрлерін қолдану практикасынан стандарттардың артта қалуы;

- Әр түрлі деңгейдегі стандарттар арасындағы ішкі қайшылықтардың болуы, ең алдымен оларды уақытылы жаңартып отырмаумен байланысты;

- Жоғары аудит органдары үшін мемлекеттік сектордың аудитіне жалпы аудиттің неғұрлым қолайлы құралдары мен технологияларын енгізу бөлігінде халықаралық аудит стандарттары мен халықаралық аудит стандарттары арасында үйлестірудің болмауы;


- Жалпы көлемі 3100 беттен асатын стандарттардың жеткілікті үлкен санына байланысты жоғары аудит органдары үшін халықаралық стандарттардың практикалық қолданудың қиындықтары;

- Стандарттарға жатпайтын мемлекеттік басқару жөніндегі ИНТОСАИ нұсқаулықтарының мәртебесіндегі түсініксіздік.

Аталған проблемалар 2016 жылғы желтоқсанда ИНТОСАИ-дың XXII Конгресі бекіткен жоғарғы аудит органдары үшін халықаралық стандарттар жүйесін қайта қараудың негізгі алғышарты болды. Осылайша, қазіргі уақытта ИНТОСАИ кәсіби құжаттар жүйесі құжаттардың мынадай үш тобын қамтиды.

Енгізілген және бүгінгі күні өзінің тиімділігін көрсеткен алдын ала аудит түрлерінің бірі «камералдық бақылау» болып табылады. Алайда, қазіргі уақытта камералдық бақылаудың әсері тек мемлекеттік сатып алу саласында кең етек алып отыр.

Ағымдағы аудитті тиімді жүргізу үшін барлық ішкі аудит қызметтерінің біркелкі көзқарасы үшін нақты әдістемелік бағыттар қажет. Мысалы, «тест-талдауды» енгізу тиімді болар еді. Онда аудит объектілері қызметінің барлық бағыттары бойынша алдын ала бекітілген тест сұрақтарында нормативтік-құқықтық актілерде көзделген барлық жоқ немесе әрекет етпейтін процестерді анықтауға болады. Аталған тәсіл, қандай да бір бизнес-процестердің аудиторлық тәуекел деңгейін түсіруге оң әсерін беретіні сөзсіз.



1-сурет. ИНТОСАИ кәсіби құжаттарының жаңа жүйесі

Тиімділік аудитін неғұрлым сапалы жүргізу үшін тексеру, талдау және бағалау кезінде қандай да бір мәселелерді жіберіп алу аудиторлық тәуекелдерін төмендету үшін аудит жүргізу бойынша нақты белгіленген талаптар қажет. Мысалы, тиімділік аудитін жүргізудің рәсімдік ең төменгі стандарттарын бекіту қажет, онда осы аудитті жүргізу үшін нақты бағыттар көзделетін болады.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді және т.б. шешу жолдарын Қазақстан Республикасының заңнамалық, заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілеріне тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасы республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне мемлекеттік аудит жүргізудің тиімді әдіснамасын әзірлеу үшін Ұлыбритания, АҚШ сияқты елдердің практикасын зерттеу өте маңызды. Сонымен бірге, белгілі бір елдің тәжірибесін толық қарызға алуға жол бермейді. Өйткені ұйымдық құрылымда, экономикада, саяси даму курсына және басқа да маңызды аспектілерде көптеген айырмашылықтар бар. Мысалы, АҚШ федералдық бюджетінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау тәжірибесі Қазақстан үшін жарамсыз, өйткені бухгалтерлік есепті жүргізу АҚШ-тағы бухгалтерлік есеп жүйесімен көптеген айырмашылықтары бар.

Осы мәселе тұрғысынан Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау құрылымы Қазақстанның халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, оның ішінде мемлекеттік секторға көшуіне байланысты Ұлыбританияның практикасына барынша жақын.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін перспективалы дамыт бағыты мына негіздермен сәйкес келеді деп есептеймін:

-Сыртқы және ішкі бақылауды жүзеге асыратын өкілеттіктер мен функциялардың аражігін нақты заңнамалық ажырату арқылы мемлекеттік аудиттің үйлесімді жүйесін құру;

-Мемлекеттік аудит тұжырымдамасын реформалаудың стратегиялық бағыттарын айқындау;

-Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың бірыңғай нормативтік-құқықтық, әдістемелік және ақпараттық базасын құру;

-Сыртқы бақылауды жүзеге асыратын органдарды институционалдық нығайту;

-Мемлекеттік қаржы саласындағы барлық мемлекеттік бақылаушы органдардың қызметінде қайталанудың бар элементтерін жою мақсатында олардың өзара іс-қимыл тәртібін заңнамалық бекіту;

-Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының халықаралық қызметін жандандыру және кеңейту;

-Мемлекеттік аудит органдарының қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру.

Конституциялық институт ретінде қоғам атаынан бақылау және мемлекеттік аудит идеялары қазақстандық шындыққа енуі үшін қоғамдық

құндылықтар доктринасында, адамдардың билік, қоғам және жеке тұлға қатынастары тұжырымдамасының тиісті құрылым туралы идеяларында елеулі өзгерістер қажет. Ал ең бастысы Қазақстан Республикасы мемлекеттік аудит теориясын, практикасын және идеологиясын шығармашылықпен дамыта алатын жоғары білікті мамандар қажет.

Осылайша, Қазақстан Республикасы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының бүгінгі таңда ұйымдастырылып отқан жұмыстарына тоқталып өттік. Алыс-жақын шетелдерде жоғарғы қаржылық органдардың жұмыстарымен де біраз таныс болдық. Олардың жобалары мен біздің жобаларымызды салыстырып біршама пысықтадық.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит тұжырымдамасын реформалау осы парадигманың проблемаларын зерделеуге жан-жақты және терең көзқарасты талап ететінін атап өткім келеді. Бұл ретте өкілді биліктің, халықаралық сарапшылардың, шетелдік және қазақстандық мемлекеттік аудит органдары, халықаралық ұйымдар өкілдерінің және ғылыми мамандар өкілдерінің пікірінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абленов Д.О., Смағұлова Д.Д., Абленова А.Д. Аудит: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2013. – 495 б.

2. Абленов Д.О., Абленова Д.Д., Абленова А.Д., Әбле Д.Д. Профессиональный аудит: теория и практика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2015. – 872 б.

3. Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета. Теория государственного аудита. – Астана: 2018. – 328 б.

4. Алибекова Б.А., Бейсенова Л.З. Государственный аудит: теория, методология и практика: Монография. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 184 б.

5. ҚР Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/about?lang=kk>

6. Интернет ресурс - <https://z-taraz.kz/gosudarstvennyj-audit-v-kazahstane-novuj-vyzov-sovremennoj-ekonomiki/>

7. Интернет ресурс - http://www.rusnauka.com/1_KAND_2018/Economics/7_232485.doc.htm

8. Интернет ресурс - <https://articlekz.com/article/21173>